

**Оңтүстік Қазақстан облыстық Білім беру жүйесіндегі жаңа
технологиялар, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және және
қайта даярлау орталығы**

Мектеп тәлімгері
/ Әдістемелік нұсқаулық/

Шымкент 2010

“Болашақ ұйымының аға тәлімгер мәртебесі”

Қазіргі таңдағы мектептегі бала жанына патриоттық тәрбие беруге үлкен үлесін коосып жүрген тұнғанын бірі - тәлімгер. Тәлімгердің жұмысы жемісті, мақсаты айқын болуы үшін жалпыға бірдей бағдарлама жасалып, анық талап нормасы жасалуы керек деген оймен осы әдістемелік құрал назарға ұсынылып отыр.

Мектеп оқушысының әрбір қоғамдық жұмысқа тартып, оның еркін тәрбиелеу үшін мектеп қабырғасында өткізілетін іс-шараларда оған аз да болса тапсырма берілсе, ол оқушы жауапкершілікті сезініп, одан да жауапты істерді атқара алатындығын көрсетеді.

Тәлімгердің қызметтік міндеттері:

- Балалардың қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерін дамытуға ықпал етеді. Балалар мен жасөспірімдерге олардың қызметтерін жоспарлауға көмектеседі.
- Жұмысты балалардың бастамаларын , жас ерекшеліктеріне байланысты қызығушылықтарын ескере отырып құрады.
- Ұжымдық-шығармашылық қызметін ұйымдастырады.
- Балалар мен жасөспірімдердің жұмыс істеп тұрған бірлестіктері мен ұйымдары туралы кеңінен хабардар болуын қамтамасыз етеді.
- Балалар мен жасөспірімдердің бастауыш ұйымдары мен бірлестіктерінің ересек жетекшілерін іріктеу мен дайындауға атсалысады.
- Білім ұйымының өзін-өзі басқару органдарымен және педұжыммен, қоғамдық ұйымдармен, оқушылардан ата-аналарымен немесе оларды алмастырушылармен тығыз байланыста болады.
- Білім ұйымдарында мәдени-көпшілік, патриоттық жұмыстарды ұйымдастырады, сынып жетекшілерге тәрбие жұмысын, балалармен танымдық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

Болашақ тәлімгер педагогикалық ұжым мүшесі, ол мектеп басшысының, қалалық білім беру басқармасы Әкімшілігінің басшылығында болады.

Тәлімгер мамандығы – өздігінен, педагогикалық тәрбие мамандығы тобына жатады.

Мамандық мәртебесі: Ата тәлімгер қалалық “Болашақ” ұйым кеңесінің жетекшілігімен тікелей жұмыс жасайды, олардың мақсатын іске асырып, басшысының, маектеп педагогикалық кеңесі ретінде тәлімгер мектеп Тәлімгер – болашақтардың, балалардың, жетекшісі, ұйымдастырушысы болып табылады. Осы аталған функциялар қызметтік міндеттерге жатады.

Тәлімгер. Ол кім?

- Көшбасшы.
- Бағалардың қайырымды жан досы.
- Шығармашыл қиялы ұшқыр.
- Арманы асқақ.
- Бағаларға көмегін аямайтын жүрегі кең жан.

Тәлімгердің тұңға ретіндегі қасиеттері.

- Ой ұшқырлығы;
- Тез тіл табысатындығы;
- Басамашылдығы-шығармашылық белсенділігі;
- Табандылығы;
- Іскерлігі;
- Байқағыштығы;
- Ұйымдастырушылық қасиеттері;
- Сабырлығы.

Қызметтік міндеттері: Бағалар қоғамдық ұйымы, бірлестіктер қызметінің өсуіне, бағалар мен жасөспірімдерге ұйым қызметінің бағдарламасын жасауына көмектеседі.

- Жұмысты өз еркімен, өзін-өзі белсендіру, бағалар мен жасөспірімдердің қызығушылық пен талаптарын арттыру принциптеріне қарай жұмысты жүргізеді.
- Бағалардың ықызығушылығы мен талаптарын жас ерекшеліктеріне қарай өмірге сай ұжымдық, шығармашылық қызметін ұйымдастыру. Ұйым қызметінің түрлері мен мазмұнын жанарту.
- Бағалар мен жасөспірімдерге ұйым, бірлестіктер жөнінде кеңінен мағлұмат беруге жағдай жасап жеткізіп тұру, бағалар мен жасөспірімдерге азаматтық және моралдық міндетін атқару үшін орайлы жағдайды жасайды, өзінің қызығушылығымен талаптарын іске асыру, олардың өсуіне, бос уақытын қызықты және тиімді пайдалану.
- Өзінің кәсіптік білімін жетілдіреді, жасөспірімдермен жасаған озат іс-тәжірибесін қолдау және оқып үйрену.
- Қоғамдық ұйымдармен өзін-өзі басқару мүшелері мен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Жетекшілік қызметіне байланысты кіретін міндеттер: басқару, жоспарлау,

бақылау, жұмысқа баға беру және тиімділігін талдау, ұйым қызметін жетілдіруіне шара қолдану.

Жетекші ретінде, тәлімгер келесі міндеттерді орындайды: Болашақ ұйымымен, олардың қызығушылығымен, сұраныстарымен, бағалармен

жасөспірімдердің айналасында болып жатқан жүйелер мен әлеуметтік жағдайының ерекшеліктерімен танысады. Ұйым жоспарын, өзінің жеке жоспарын құрайды. Мектеп белсенділерімен топтық тәлімгерлерді, “Болашақ” ұйымымен түрлі топтық жұмыстарын ұйымдастырушыларды жию. Мектеп оқушылары мен ұйым жетекшілері, сынып жетекшілері мен ата-аналар арасында педагогикалық қарым-қатынасты болу керек.

Ұйым жұмысының қорытындысын талдау, баға, есеп беру. Шығармашылық өз тәжірибесін және басқа тәлімгерлердің тәжірибесін қолдану. Топтық тәлімгерді сайлап, оларға бағыт беріп отырады. Егер тәлімгерлер сайланса, сайлауға қатысады.

- Балдыртқан тобының тәлімгерлерін сайлап, олардың да ұйым қызметіне қатысуна бағыт беріп, бағалап отырады.
- Топтық тәлімгерлермен және болашақтардың күшімен өнерпаздық, демократтық негізінде, кен жариялылықпен болашақтардың өзін-өзі басқару оқу комитетінің мүшелерімен тиімді қарым-қатынаста болуын ұйымдастырады.
- “Болашақ” ұйымының тәрбие жұмыстарын жоғары дәрежеге көтеріп, осыған байланысты ұсыныстар айту және жұмыстардың тиімді өтуін арқашанда талдап отыру.
- Мектеп әкімшілігіне, қалалық болашақтар ұйымына, жұмысы бойынша акпараттар дайындау.
- Керекті жүйеде мамандықты жетілдіру (қалалық бағар мен жасөспірімдер орталығында семинар кенесте қатысу)
- Әрқашан өзінің кәсіптік білімін, шеберлігін, өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу жолдарымен жеке адамдық қасиетін жетілдіру (баспасөз, әдебиеттер көмегімен техникамен шұғылдану, өнер арқылы, спорт, туризм т.б. арқылы).

Ұйымдастырушы қызметіне байланысты кіретін міндеттер:

Жоспарлаған жұмысты практика жүзінде іске асыру, “Болашақ” ұйымының жұмысы және әдістеріне болашақтармен үлкендерге жүйелі оқу ұйымдастыру.

Ұйымдастыру ретінде, тәлімгер келесі міндеттерді орындайды:

Топтық тәлімгерлер, өзін-өзі басқару, болашақтықтар мүшелері арқылы, қызметке оқушыларды белсенді қатыстыру жолымен жоспарланған жұмысты практика жүзінде іске асырады. Тәлімгер арқылы және жасуғандардың қатысуымен балдырғаншылармен жұмыс жасайды. Марапаттау, жарыстар өткізу жолымен болашақтықтардың ұжымдарын белсенді жұмыс жасауға ынталандырады.

Тәрбиеші қызметіне байланысты орындайтын міндеттері: Топтық

ұжымдарда барлық жұмысты – өнерпаздық, оқушылардың шығармашылық ықпалы және демократиялық негізінде өткізу. Барлық өтетін жатқан іс –

шараларда қоғамдық – саяси бағытта жүргізіледі. Балалармен жасөспірімдердің жан-жақты өсуіне себепші болу, түрлі топтық жұмыстарды өткізу, олардың белсенді азаматтық көзқарасын және жоғары моральдық қасиетін қалыптастыру. Мектеп оқушыларына ҚР және мемлекетті қоғамдық-саяси міндеттерді ұйымдастырып, түсіндіріп отыру және Республикада өтіп жатқан жағдайлардан толық ақпарат беріп отыру.

Тәлімгер құқығы:

- Өз жұмысында мектептегі жайды қолдануы (ақт. зал, спорт зал бөлмелерін, музыкалық аппаратураларды, сурет салу материалдарын, саяхат жасау құралдары т.б.)
- Өзінің бағдарламасымен эксперимент бойынша жұмыс жасау.
- Әр айдың 3-4 күні қалалық балалармен жасөспірімдер орталығында өтетін семинар кенесіне қатысу.
- Барлық тәрбие жұмыстарды қарауға, өзінің дауысын салуға құқығы бар.
- Тәлімгердің жұмыс орны “Болашақ” бөлмесі (мектеп территориясы, мектептен тыс мекемелер.)

Тәлімгер қай Зандарға сүйенеді

1. Нормативтік-құқықтық құжаттар

- 1..Бала құқығы туралы Конвенция.(1989 ж 20 қараша БҰҰ)
- 3.Қазақстан Республикасының Конституциясы.(1995ж)
- 4.ҚР “Білім туралы”Заны (1999 ж)
- 5.ҚР “Тіл туралы”Заны (1997 ж)
- 6.ҚР “Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау”Заны.
- 7.ҚР “Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы”Заны 2001 ж 13 желтоқсан.
- 8.ҚР “Неке және отбасы туралы”Заны №276-ІІ 2001 ж 24 желтоқсан.
- 9.ҚР “Темекі шетудің профилактикасы мен шектеу”туралы Заны .2002ж 10 шілде.
10. Қ.Р “Бала құқығы туралы”2002 ж 8 тамыздағы Заны
- 11 ҚР Қылмыстық кодексі.
- 12.ҚР еңбек туралы заны
13. ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы Заны
14. Кәсіптік-техникалық білім туралы заңдарының және пәнасыз қалғанының профилактикасы мен балалардың қалағандағы құқық бұзушылықтардың алдын-алуы туралы ҚР Заны 2005 ж
15. “АҚТҚ/ЖҚТБ-ның білім беру мекемелерінде алдын-алу туралы” ҚР БжҒМ N5..3.2002 02.12 ж бұйрығы.

16. ҚР білім беру мекемелерінде діни экстремизмнің алдын-алуды ұйымдастыру жұмыстары туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 1999 ж №94 бұйрығы
- 17.Этномәдени білім тұжырымдамасы (1996 ж)
18. ҚР білім беру мекемелерінің 2006-2011 жылдарға арналған тәрбие жұмыстарының кешенді бағдарламасы
19. Тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы 1996ж
20. ҚР білім беру ұйымдарында саптанатты іс-шаралар өткізу кезінде мемлекеттік рәміздерін қолдану рәсімі жөніндегі ереже (2005 ж N 227 ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы)
- 21.ҚР азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық құлқын қалыптастыру тұжырымдамасы.(1995 ж)
- 22.Оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы Ереже (2001 ж)
- 23.ҚР азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы ҚР Президентінің жарлығы 2006 ж
- 24.“Жасыл ел ” бағдарламасы.
- 25.ҚР Президентінің “Қазақстан-2030” жолдауы.
- 26.2004-2006 жылдарға арналған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы.ҚР Президентінің 2004 ж 13 01N 1277жарлығымен бекітті.
- 27.“Қазақстан бағалары ” 2007-2011 ж арналған бағдарламасы (21.12.2007 ж N 1245)
28. ҚР 2007-2024 ж арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы.ҚР Президентінің 2006 ж 14.11 N216 Жарлығымен мақұлданған

Тәлімгердің жұмысының жоспарлау үлгісі:

1. Жылдық жоспар
2. Күнтізбелік жоспар (тоқсанда)
3. Өзінің жеке жоспары (күнделікті, апталық)

Жылдық жоспар қандай болу керек? Жылдық жоспар нақты, қысқа және бүгінгі күннің проблемалары ескерілуі керек. Жоспарлағанда мектептің бұрыннан келе жатқан дәстүрін ескеріп, өткен жылдың тәжірибесін қолдану керек.

Жылдық жоспар 6-бөлімнен тұрады.

1. Қысқаша өткен жылдың есебі. Бұл бөлімге іс-шаралар, байқаулар, линейкалар т.б. мерекелер кіреді.
2. Мектеп қандай бағытпен жұмыс істейді
3. Мақсаты мен міндеті
4. Ұйымдастыру жұмысы:
 - жоспарлау
 - жоспарды бекіту
 - линейка

- “Болашақ” ұйымы, оның бағыттары
- экологиялық акциялар (маскүнемдік пен нашақорлық, АҚТҚ ЖҚТБ күресу)

5. Әдістемелік нұсқау жұмысы:

- сценарий құру
- көрмелер
- насихат жүргізу

6. Көпшілік жұмысы

Көпшілікпен жұмыс істеу – тәлімгерге үлкен жауапкершілік қойылады. Өткізілетін іс-шаралардың тәрбиелік мәні болу керек. Көпшілік іс-шаралар жас ұрпақтар бойында азаматтықпен патриотизмді, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, сондай-ақ мемлекеттік нышандарда құрметтеу сезімін, тәрбиелеу бағытында жұмыстар болу керек.

Жылдық жоспардың түрі

№	Өткізілетін іс-шаралар	Өткізілетін уақыты	Жауапты адам
---	------------------------	--------------------	--------------

Жылдық жоспардан күнтізбелік жоспар құрылады
Бұл жоспарда сыныптарда жеке өткізілетін іс-шаралар мектеп бойынша жоспарланады.

№	Іс- шаралар	Уақыты	Жауапты
---	-------------	--------	---------

Тәлімгердің жеке апталық жоспарға әдістемелік және ұйымдастыру жұмыстары, мектептердің тәлімгерлерімен тәжірибе алмасу жұмысы жоспарланады.

Мектептерде “Болашақ” балалар қоғамдық ұйымы бойынша 2009-2010 оқу жылына жылдық жоспар құруда мынандай бағыттарды ескеру қажет.

- Өткен оқу жылына талдау жасау
- Мектеп ұжымының қысқаша мінездемесі
- Балалармен жұмыстағы мектеп ұйымының мақсаты мен міндеті
- Ұйымдастыру жұмыстары
- Әдістемелік жұмыстар
- Көпшілік жұмыстар

Мектеп “Болашақ” ұйымы бойынша жұмысты жоспарлауда ескерер жайыттар: жоспар анық, қысқа, бүгінгі күннің мәселелері, жағдайы,

мағлұматы ескерілген болйы керек. Жоспарлау кезінде мектептің дәстүрі, өткен жылдарға тәжірибелеріне жұмыстың бағытына сүйену керек.

Жоспар 6 тараудан тұрады:

I тарау. Өткен оқу жылына талдау жасау: мұнда өткізілген байқаулар, сап жиыны т.с.с іс-шаралар кіреді, сондай-ақ ағымдағы кездескен мәселелер мен кемшіліктер көрсетіледі.

II тарау. Мектептің қысқаша мінездемесі. Мектепте қанша бала бар? Осы мектеп немесе сынып қай бағытпен жұмыс жасайды?

III тарау. Балалармен жұмыста мектеп ұйымының мақсаты мен міндеті: мәдениеті жан-жақты дамыған, бәсекелесуге икемі бар, экономикалық ой пікірі жеткілікті, жалпы адамгершілік қасиертін игерудегі шығармашылық іскерлегі мен әдептілігі, әр түрлі мамандықтарды меңнеруне ынталы, өмірдің барлық саласындағы ұлттық және әлемдік жетістіктерді дамытуға және түсінуге мүмкіндігі бар адамды тәрбиелеу.

IV тарау. Ұйымдастыру жұмысы: бұған жоспарлау, жұмыс жоспарын бекіту жатады. Ұйымдастыру сап жиыны, мектеп белсенділерімен өзін-өзі басқару комитетінің отырыстарын өткізу. Балалар ұжымының жұмыс жасайтын бағдарламасы: экологиялық акция, АҚТҚ/ЖҚТБ қарсы күрес акциялары. Клуб және бірлестіктердің жұмысын жоспарлау. Мектептердегі жұмысын ұйымдастырып, жүзеге асыру:

- ұйым мүшелерінің міндеттерімен таныстыру
- “Болашақ” ұйымының жоспарын бекіту
- Белсенділер оқуын ұйымдастыру

1. Жасақшылар тобының төрағасы
2. Ту ұстаушылар тобы
3. Барабаншылар тобы
4. Әр сала бойынша (қайырымдылық тобы, жас тілшілер, жас саяхатшылар, достық клубы, оқу мәдениеті, спорт саласы т.б. бойынша).

V тарау. Әдістемелік нұсқау жұмысы: сценарийлер құру, көрнекілік насихат, көрмелер дайындау.

- “Болашақ” бағдарламасы бойынша сынып жетеакшілеріне әдістемелік көмек беру.

- “Болашақ” белсенділігінің оқуын ұйымдастырып отыру.

1. Жасақшылар тобының төрағаларына және орынбасарларына

2. Топ жетекшілеріне

- “Болашақ” ұйымының бөлмесінің және сынып, топ бұрышының безендірілуі жөнінде әдістемелік нұсқау беру.

- Жиынды өткізу және дайындау әдістемесі:

- салтанатты жиыны
- жасақшылар жиыны

- топ жиыны

3. “Болашақ” ұйымының рәміздерінің қолданылуына көмек көрсету:

- туды қолдану
- барабаншылармен жұмыс
- құрметті қарауыл

5. “Болашақ” ұйымының бес бағыты бойынша түрлі іс-шаралар өткізу (байқау, сайыс, ашық тәрбие сағаттары) үшін әдістемелік көмек.

VI тарау. Көпшілік жұмыс.

Бұл жұмыс тәлімгерден жоғары дайыныдық пен балалардан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Барлық көпшілік шаралардың тәрбиелік – сауықтыру сипаты болуы керек.

Тәлімгердің қандай құжаттары болуы керек.

- Жинақ папкасы
- Жылдық жоспары
- Күнделікті жоспары
- “Болашақ” ұйымының құжаттары
- Топбасшылар туралы мәліметтер
- Бес бағыт бойынша жүргізілген жұмыстар есебі.
- Патриоттық тәрбие беру бойынша жұмыс папкасы
- АҚТҚ/ЖҚТБ жұмысы бойынша папка
- Ата-аналармен байланыс дәптері
- Сынып жетекшілерімен байланыс дәптері